



№76 (10066)
24 күркүйөк
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Егінжай – 2024



Күзгі науқан қызу жүруде

Үкімет отырысында егін жинау науқанының барысы қаралды. Жиынға Ауыл шаруашылығы, Энергетика министрліктері қатысып, өңір әкімдіктері мен агробизнес өкілдері онлайн байланыс арқылы қосылды.

Биыл Сыр елінде 189 400 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Ерте пісетіндері толық жиналып, қазір мал азықтық, майлы дақылдар мен көкөніс, бақша өнімдері қазылууда. Былтыр 193 400 гектар егістіктің 89 мың гектарына күріш егілген болатын. Былтыр күріш егісінің көлемі – 85 641 гектар, оның 47 400 гектары, яғни 55 пайызы орылып, 39 500 гектары бастырылды, 203 300 тонна өнім жиналған. Орташа өнім гектарына 51,5 центнерден келуде, былтыр 47,9 центнер болған. Егін жинау қазанның бірінші онкүндігінде толық аяқталады.

Науқанға толық жөндеуден өткен 4 440 ауыл шаруашылығы техникасы жұмылдырылса, 8 100 тонна арзандатылған дизель отыны бөлінген. Жанармайды жеткізуші жергілікті операторлармен келісім жасалып, жұмыс кестеге сәйкес жүргізілуде. Сыйымдылығы 551 мың тонналық 216 сәқтау қоймалары алдын ала дератизация жасалды. Қазір осы сәқтау қоймалары жаңа орылған астықты қабылдауда. «Таң ЛТД» ЖШС басшысы, Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев мемлекет тарапынан көрсетілген қолдауға алғыс білдіріп, атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді және ұсыныстарын жеткізді.

– Биыл біздің серіктестік ташымалып суару әдісімен 800 гектарға жүгері екті, көпер жылы оның көлемін 3 мың гектарға жеткізді. Суды үнемдеу үшін егістік жерімізді 100 пайыз лазермен тегістедік. Бұл суармалы суды 30 пайыз үнемдеуге мүмкіндік берді. Осы ретте су үнемдеу технологиясының жабдықтарын «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы арқылы жеңілдетілген лизингпен беру мәселесін қарастыруды ұсынамыз. Бұл жаңа технологиямен егілетін егіс көлемін ұлғайтуға оң септігін тигізери сөзсіз, – деді Имамзада Шағыртаев.

Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте жауапты тұлғаларға өнімді шығынсыз жинап алу, барлық талапқа сай етіп сақтау тапсырылды. Ауа райы қолайлы кезде егін жинау жұмыстары қарқын алып, уақытылы аяқталуы тиіс.

«ЖЖ» ақпарат

Мәселе

Сырдария өзені Орталық Тянь-Шань жоталарынан басталып, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан аймағы арқылы өтіп, Қазақстанда Арал теңізіне келіп құяды. Өзен Шығыс жазбаларында Шаш, Ходжент, гректерде Яксарт, арабтарда Сейхун деп кездеседі. Парсы-түрік тілдерінен аударғанда «інжу-маржан» мағынасын білдіреді. Өзеннің суы халықтың отырықшы болуына, егіншілікті игеруге, көптеген қаланың салынуына себепші болды. Арал теңізіне құяр жерінде суы мол жылдары кеме жүрген. Өзен бойында ежелгі қалалардың орны бар. Мұнда Ұлы Жібек жолының керуендері өтіп, батысқа қарай бет алған.

Бүгінгі Сырдария аңғары реттелген, сулы егістік, яғни күріш, мақта, бау-бақша мен шабындықтарды суаруға және суландыруға тиімді пайдалану үшін өзен бойында бірнеше бөген мен су арнасы салынған. Өзен суының кейінгі 20-30 жыл ішінде қарқынды игерілуіне байланысты 1975-1980 жылдардан бастап Сырдария Арал теңізіне жетпей тартылып қалатын болды. Қазіргі уақытта Сырдария өзені алабының суын мемлекетаралық бөлу халықаралық дәрежеде бақылаумен жүргізіледі.

Осы орайда Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов Өзбекстанның Су шаруашылығы министрі Шавкат Хамраевпен кездесіп, екіжақты және өңірлік ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, министрлер Сырдария өзеніндегі су бекеттерін автоматтандыру мен суды есепке алуды цифрландыру жөнінде кеңесті. Нәтижесінде Қазақстан мен Өзбекстан заманауи суды есепке алу жүйесі орнатылатын 10

Аяқ су: қос тарап қандай келісімге келді?



бекет туралы келісімге келген.

Нұржан Нұржігітов халықаралық қаржы ұйымдарымен және компаниялармен жобаны бірлесіп іске асыру бойынша келіссөз жүргізіліп жатқанын атап өтті. Сондай-ақ тараптар келесі жылғы суару маусымына дейін «Нарын-Сырдария» су қоймалары каскадының жұмыс тәртібін талқылады. Орталық Азияның Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының алдағы отырысында су қоймалары жұмысының болжамды кестесі жасалып, су беру көлемі бекітілетін болды.

– Халықаралық Аралды құтқару қорының отырысына белсенді қатысқан және ұсыныстарымен бірлескен өзбекстандық әріптестерімізге үлкен рахмет

айтамын. Бір жыл ішінде біз бірлескен жұмысымыздың оң нәтиже беретініне көз жеткіздік, сондықтан екіжақты тығыз ынтымақтастықты жалғастыруға ниеттіміз. Көптеген мәселе бойынша біз ортақ келісімге келдік. Бұл бізге күн тәртібіндегі мәселелердің көпшілігін өзара тиімді негізде шешуге мүмкіндік береді, – деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

Өз кезегінде Шавкат Хамраев Өзбекстан ХАҚ аясында да өзара іс-қимылды нығайтуға ниетті екенін мәлімдеді.

– Өзбекстан Қазақстанның Халықаралық Аралды құтқару қорына төрағалығын толық қолдайды. Біз осы бағыттағы өзара іс-қимылды күшейтіп,

бірлескен жобалармен жұмыс істегіміз келеді. Мысалы, Сырдария және Амудария өзендері бассейндерінің экожүйесін сақтау, жергілікті тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, шағын және жергілікті су айдындарын қалпына келтіру және т.б. іс-шараларды іске асыруға ниеттіміз, – деді Өзбекстан Су шаруашылығы министрі Шавкат Хамраев.

Бұдан бөлек, тараптар су ресурстарын ұтымды пайдаланудың өңірлік стратегиясын өзірлеу мәселесін қозғады. Келіссөз қорытындысы бойынша министрлер кездесу хаттамасына қол қойды.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Еңбек адамы

Комбайншы Нұркен

«Біздің мамандықты бүгінгі жастар ұната бермейді. Десе де біз жастық шағымызда егін егуге асқан қызығушылықтың арқасында осы саланы игердік. Әкеміз де, ағаларымыз да осы салада еңбек етті. Мен атақ-даңқ үшін емес, отбасымың алдындағы жауапкершілігім үшін адал еңбек етіп келемін. Өйткені адал жұмыстың берекесі барын түсінемін» деп бастады әңгімесін еңбек адамы Нұркен Исатаев.

Нұркен Бұқарбай батыр ауылындағы «Байтабын» шаруа қожалығында 17 жылдан бері адал еңбек етіп келеді. Басында қарапайым жұмысшы ретінде еңбек жолын бастаған ол кейін темір ұстасы, жиған тәжірибесінің арқасында механизатор атанады. Бүгінде механизатор су жаңа «John Deere» комбайнның тізгіндеген.

– Биыл Сыр салысының шығымы жаман емес, алғашқы орақты 1 қыркүйекте салдық. Біздің бригада 480 гектар жерге күріш екті. Енді міне, қыркүйектен бастап сушылар жаз бойы баптап өккен өнімді шашпай-төкпей жинаудамыз. Алла сәтін салса, ору науқанын айдың соңында аяқтаймыз. Өйткені жұмыс қарқыны бірқалыпты. Күніне 17-18 атыз орамын, яғни 1000 центнерге дейін астық жинаймын. Ауылда демалатын уақыт жоқ. Алқапта болмаса, үйде жұмыс табылады. Алқапта жер жырту, астық жинау болса, үйде мал жайы, бақша жинау секілді жұмыстар бар. Ал қыстай техниканы жаңа маусымға дайындаймыз. Жұмыс қиын болғанымен басқа салада өзімді елестете алмаймын, – дейді Нұркен ағынан жарылып.

Бастысы, еткен еңбек далаға кетіп жатқан жоқ. Шаруалар межелі өнімге қол жеткізбесе, одан төмен астық жинамайтын секілді. Бастысы, өнімді ысырапсыз жинап алса жеткілікті. Ком-



байндардың барлығы қазіргі үлгідегі озық технологиялармен жабдықталған. Онда магнитофон, салқындатқыш бар, бір сөзбен айтқанда, адамның жайбарақат жұмыс істеуіне бар жағдай жасалған.

– Иә, біз кішкентаймыздан еңбек-қор кісілерді көріп өстік. Өзіміз де еңбекке ерте араластық, жаман болған жоқпыз. Ол қоғамның жұмысы ма, елге ортақ іс пе, еш қажымаймыз. Әкелеріміз ертелі-кеш колхоз, совхоздың тракторын айдап, малын бағып келетін де, үйдің шаруасына білек сыбана кірсетін Аналарымыз да сондай еді. Таң ата тұрып, сиырын сауып, еріске

айдап, бала-шағасының ас-суын беріп, отағасын жұмысқа жөнелтіп, сосын өздері картоп теруге немесе ұстаз болса, балаларды білім нәрімен сусындатуға кете баратын, – деп еңбек адамының үлгісін еске алып, тілге тиек етті кейіпкеріміз.

Міне, біз осы кісілерден үлгі алып, жұрттың жүрегінен орын алатын еңбек адамының образын жоғалтпауымыз керек. Қуантарлығы, тек «Байтабын» шаруа қожалығы емес, барлық өңір-шаруашылықтары техника паркін жаңарту жұмыстарын үнемі жүргізіп келеді. Мәселен, биыл 842,1 млн теңгеге 15 ауыл шаруашылығы техникасы са-

тып алынған. Биыл күзгі науқанға ауданда 1027 ауыл шаруашылығы техникасы қатысуда. Оның ішінде 431 трактор, 249 комбайн, 124 жатқа, 58 жүк көлігі, 165 трактор тіркемесі бар.


Айта кетейік, ауданда биыл 37 218 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Бүгінде 19 800 гектар күріштің 11 450 гектары орылып, 9 300 гектары жиналған.

Жандос ЖАЗКЕН

Аңғампа

Жүрегімдегі шөкжұлдыз

Жүрегімдегі аңғампа әңгімесі, оның «Сейіт Бұрқабай» «Жүрегімдегі шөкжұлдыз» атты кітабын әңгімелеп берген болатын. Осылай еліміздің айналымына және тұлғасына Жалағаш ауданының 85 жасар ағасын әңгімелеп берген болатын. Әңгімесін енгізген болатын.



Білім

Ақсудағы алтын ұя

Жаңа оқу жылының басталғанына көп болмады. Әйтсе де ақсулық оқушылар оқу жылын жетістікпен бастап үлгерген. Апта басында өскелең ұрпақты оқытып, тәрбиелеуде ерен еңбек етіп келе жатқан ауылдағы №116 орта мектеп ұжымының жұмысымен танысып қайттық.

— Мектепте бүгінде 308 оқушы білім алуда. Оның 32-сі — бітіруші түлек. Қазіргі таңда 29-ы ҰБТ-ға қатысуға ниетті. Дайындық өзіміздің қатаң бақылауымызда. Былтырғы оқу жылында 30 түлек алтын ұя мектебімізден қоштасып, ұлттық бірыңғай тестілеуге 23 оқушы қатысуға ниет білдірген. Оның 15-і жоғары оқу орнына, 8-і колледжге грантка түссе, 7-еуі ақылы оқуға түсті. Сондай-ақ 3 оқушы «Алтын белгі» иегері атанды, — дейді мектеп директоры Дархан Әбдиев.

300-ден аса оқушы білім алатын мектепте 61 ұстаз білім беріп, еліміздің



жөн көреді екен.

Мектепте жазғы демалыс уақытын бос өткізбей тиімді пайдаланған озат оқушылардың бірі — Дархан Мырзабек. Ол — оқу жылы басталысымен жетістікке қол жеткізген үлгілі оқушы.

Өткен аптада жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткен «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялар байқауының аудандық кезеңінде «Автокөліктің қолданыстағы модельдерін әзірлеу саласындағы техникалық құрастыру» бағыты бойынша ІІ орын иеленген.

— Мен бұл байқауға жетекшім Қарлығаш Байғазиевпен бірге 1 ай дайындалып, жарақат алған адамдарды жылдам жеткізу мақсатында өскери жедел жәрдем көлігін құрастырып жасадым. Көліктің арнайы тіркемесі бар. Ол арқылы дөңгелектер науқастарды жол бойы емдей алады. Сондай-ақ қажет болған жағдайда оқ-дәрі тасымалына көмегі бар. Көлік тоқпал алға, артқа және оң мен солға жүреді, — дейді Дархан Айдосұлы.

Білімге құштар Дархан — бүгінде мектеп мақтанышы. Ол бүгінге дейін бірнеше мәрте білім бөйгесінде топ жарған. Тек бір ғана пәнмен шектелмей, география, әдебиет сынды сабақтардан да үздік атанған. Спортты да жаңына серік еткен ол бүгінде баскетболдан мектеп құрамасында өнер көрсетеді. Сондай-ақ былтыр тоғызқұмалақтан оқушылар арасында облыс көлемінде өткен жарыстан жүлделі орын алып, республикада тартысты ойын өрнегін көрсеткен.

Мектеп ұжымы оқушылардың жазғы тынығуын тиімді ұйымдастыру мақсатында былтыр міндетті оқу қоры есебінен Жалағаш кентіндегі «Ақтерек» сауықтыру лагеріне 22 оқушыны, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының «ОН Жаздық жолдама» қайырымдылық жобасы аясында «Қуаныш» тынығу лагеріне 3 оқушыны, Алматы қаласындағы «Таужанашыры» лагеріне ауылдағы ірі шаруа қожалықтың бірі «Сәрке батыр» ЖШС демеушілігімен 1 оқушыны тынығу лагеріне жіберген. Сондай-ақ жылда дәстүрге айналған «Мектепке жол» акциясына да былтыр ауылдың белді кәсіпкерлері мен мектеп ұжымы белсенді қатысып, 31 оқушыны киім-көшек, оқу-құралдарымен толық



қамтамасыз еткен. Мұнан бөлек оқушылардың жан-жақты дамуы жұмысы бір жолға қойылған. Оқушылар сабақтан тыс жас химик, жас физик, робототехника, домбыра, қолөнер, тоғызқұмалақ, волейбол, баскетбол, футбол, шахмат сынды үйірмелерге қатысады.

Тәрбие мен білімнің қазыналы ордасына айналған мектеп оқушылары бүгінде аудандық, облыстық, республикалық білім бөйгелерінде жыл сайын топ жарып жүр. Қазіргі таңда аталған мектеп оқушылары ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша өткізілетін республикалық олимпиадаға дайындық үстінде. Мектеп директорының айтуынша, олимпиадаға 23 оқушы қатысады.

Ел өртегі болған жастарды тұлға етіп қалыптастыруда сапалы білім беріп қана қоймай, ұрпақ тәрбиесіне басымдық берген ұжымның бүгінде жұмысы жүйелі, оған мектеп тынысымен танысып жүріп-ақ толық көз жеткізді. Жалпы білім сапасын арттырып, оқушылардың тәрбиесіне басымдық берген алтын ұяның мақсаты айқын. Ал алдына мұндай мақсат қойған ұжымның шәкірттері қашанда бәсекеге қабілетті болары сөзсіз.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Озат оқушы



Өнерлі Аруназ

«Ел іші — өнер кеніші» дейміз, негізінен ауыл — нағыз таланттылардың ордасы. Кейіпкеріміз Аруназ Сағынтай — Ақсудағы алтын ұяның 9-шы сынып оқушысы. Өнер десе ішкен асын жерге қоятын белсенді жаспен Ақсуға аялдаған сапарымызда сұхбаттасудың сәті түсті.

Өкенең қанымен, ананың сүтімен бойына дарыған талантты тұншықтырмай ұштап жүрген Аруназ бала күнінен өн өлеміне жақын. Айтуынша, нағашы әжесі өнерлі кісі болыпты. Ауылдық клуб жанынан ашылған «Сырлы өуен» өн үйірмесіне 6 жасынан бастап қатысқан ол үлкен байқауларда топ жаруына аталған үйірменің тигізген септігі мол екенін айтады.

Кейіпкеріміз ең алғаш 2 сыныпта аудандық патриоттық әндер шырқау бойынша өткен байқауда ІІ орын иеленген. Мұнан бөлек «Бозторғай» халықаралық балалар шығармашылығына бірнеше мәрте қатысып, жүлделі орындарды иеленген. Ал 2022 жылы дәл осы балалар шығармашылығына арналған байқаудың республикалық кезеңінде дипломант атанған. Сондай-ақ «JasStar» халықаралық балалар мен жасөспірімдер және жастар фестивалінің республикалық кезеңінде жүлделі І орын алған. Жақында «Жарқын болашақ» республикалық жарысында топ жарған кейіпкеріміз Астана төрінде «Қазағым-ай» өн шырқап, ІІІ орын иеленген. Ол осы жарыста өзге ұлт өкілдерімен бірге бір сахнада өнер көрсеткен, әр жарыстың өзіндік қызығы мен ерекше естеліктерін еске алған озат оқушы жарыс жолы тоғыстырған достарымен өлі де хабарласып тұратынын жеткізді.

— Мен 2022 жылы Таңшоппан облыстық телевизиялық байқауына қатыстым. Бұл жарыстан аудандағы қарсыластарымнан оза шауып, облыстық кезеңде өнер көрсеттім. Қызылордада өткен сайыста «Әлемдік әнді жақсы орындаушы» деген номинация иегері атанып, қосымша Канадада өтетін халықаралық «Торонто» фестиваліне сертификат жеңіп алдым. Канада сахнасында өтетін сайыс онлайн түрде өтетін болғандықтан мәдениет үйіне барып Дильнура Біржанованың «Мен қазақтың» өн орындап, бейнежазбаға басып жібердік. Арада бір апта өткен соң Канададан Қазақстан Республикасы Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Ақсу ауылының өнерпазы Сағынтай Аруназ Канада да өткен сайыста гран-при иегері атанды деген хабар келді, — дейді жас өнші.

Үлкен жарыстарда қанша топ жарғанымен ол үшін ауылдағы үйірменің орны бөлек екен. Себебі ең алғаш өнерге баулыған осы үйірмедегі жетекшісі Жанар апай мен музыка пәнінің мұғалімі Гаухар апай алғаш өнер жолындағы тұсауын кескен. Сондай-ақ 3 сыныптан бастап Қызылордадағы Бағдагүл Есмұрзаева деген апайдың жетекшілігімен құрылған «Сыр сандуғаштары» деген топтың мүшесі де болған. Осыған дейін Бағдагүл апайының ұсынысымен Роза Рымбаеваның «Цвета земля» өн бірнеше рет сахнада орындап, жетістікке жетті. Сондықтан ол үшін әр тәлімгердің өзіндік орны бар. Аруназ Зиятқызы «олардан өлі үйірменің көп» дейді.

— Аруназ ең алғаш үйірмеге келген күннен сахнада өзін еркін ұстайтын. Өте алғыр, табиғи дауысы бар, бірде-бір жарыстан жүлдесіз қайтпаған өнерпаз. Ол көбіне «вокал» жанры бойынша байқауларға қатысып, үздіктер қатарынан көрініп жүр. Сондай-ақ патриоттық әндерді де өте жоғары деңгейде орындап, көрермен көзайымына айналған. Аруназ — тек ауылдың ғана емес, ауданымыздың да мақтанышы. Оны алда жарқын болашақ күтіп тұрғанына сенемін, — дейді «Сырлы өуен» үйірмесінің жетекшісі Жанар Құрманғазықызы.

Кейіпкеріміздің бүгінде алдына қойған нақты жоспары да жоқ емес. Ақсудағы алтын ұяда 9-шы сынып оқитын жас ерең, биыл Қызылорда қаласындағы Қазанғап атындағы музыка колледжіне оқуға тапсырып, одан әрі Алматы қаласындағы Темірбек Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының өн саласында білім алуды көздеп отыр. Себебі ол өнерін өрге жүздіріп, өнші болуды армандайды. Үлкен сахнада топ жарып, өнер адамы болуды мақсат еткен жас өншіге біз де сәттілік тіледік.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Фестиваль

Ұлттық өнер — ұлы мұра



Ауданда «Ұлы мұра — ұлттық өнер» атты ұлттық қолөнер фестивалі өтті. Фестивальде ауылдық округтердің мәдениет үйлері мен клубтары ұлттың ұлылығын айшықтайтын, тамыры терең тарихтан сыр шертетін, қазақы қалпымыздың даралығын айқындайтын ұлы мұраны насихаттап, мәдени мұраларымыз қамтылған қолөнер көрмелерін ұсынды.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, облыстық аналар кеңесінің төрайымы Айгүл Нажмадинқызы атадан балаға мирас болған асыл мұрамыздың берері мол екенін тілге тиек етіп, көз жауын алып, таңдай қақтырар ғажал дүниелерге дем беретін қолөнершілердің еңбектері кейінгі жастар үшін асыл қазына екенін атап өтті.

— Бүгінгі шараның маңызы зор, өскелең ұрпаққа үлкен өнерді дәріптеуде біздің ұтарымыз көп. Ал бұл шараның оны жүзеге асыруда маңызы жоғары. Барлық қатысушыға тек сәттілік тілеймін. Шараға ауылдық елді мекендерден көптеп қатысып жатқандары қуантты, — дейді Садық Әлиев.

Шарада Аққұм және Еңбек ауылының қолөнер шеберлері ши тоқу технологиясымен, Жаңадария, Есет батыр ауылының қолөнершілері кілем тоқу технологиясымен, Мәдениет және Темірбек Жүргенов ауылының қолөнершілері құрақ құрау қолөнерімен, Аққыр және Жаңаталап ауылының қолөнершілері жүн тату, ұршық иіру қолөнерімен, Таң және Бұқарбай батыр ауылынан келгендер тері илеу технологиясымен, Қаракеткен және Ақсу ауылының қолөнершілері зергерлік бұйымдар жасау технологиясымен бұйымдар әзірледі. Ал Далдабай мен М.Шәменов ауылынан келген қолөнершілер қамшы өру, қайыстан түйін тую технологиясын таныстырды.

Рухани құндылығымызға айналған салт-дәстүр мен өдет-ғұрыптың ұрпақтан-ұрпаққа желісін үзбей жалғасын табуы — ұлт дамуының басты кепілі. Соның ішінде ұлттық қолөнер — ұлт мәдениетінің

маңызды бөлігі. Қазақтың қолөнері — өзінің төлтума бітім қасиетімен, көркемдік маңызына ие халқымыздың гасырлар тағылымынан өткен асыл қазынасы. Фестивальдің де мақсаты ұлттық құндылықтарымызды насихаттап, кейінгі ұрпаққа өнеге ету болып табылады. Осы мақсатта «Руханият» орталығы жанынан алғаш рет «Тұмарша» креативті этно орталығы ашылды. Орталықтың

мақсаты — ұлттық құндылықтарымызды дараланған форматта дәріптеу. Айта кетейік, фестивальге қатысқан барлық ауылдық округтің мәдениет үйлері мен клуб ұжымдарына арнайы алғыс пен сый-сінап табылса. Шара аудандық өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

«ЖОЖ» ақпарат



Тарих

Алаш зиялыларының жер мәселесіне қатысты көзқарасы

Тұлғаны тәрбиелейтін, тәрбиелеп ел алдына шығаратын – әлеуметтік орта. Қоғамы күшті ел зиялылардың рухымен өркендеген. Елдің жағдайы, халықтың көңіліндегі дүниелерді зерделеп ұғынуға қабілетсіз, қызығушылығы жоқ, ел турмысынан бейхабар, әсершіл ісін қиялмен тербейтін адамдар қатары басым ортаның дамуы күрделі, қайшылықтарға толы болып келеді. Себебі ел рухының серпілісіне ықпал ететін рухани дүние кездейсоқ қалыптаспайды. Ұлттық рух серпілісі ұрпақтың мыңдаған жыл бойы, уақыт талабына сай ұлттық болмысы мен мүддесін сақтап отыру қажеттілігінен туындаған дәстүр тәжірибелерін шығады. Бұны өз заманында ойшылдарымыз айтып кеткен.

Алаш тұлғаларының өмірінен ұғынатынымыз, тарихтағы қазақтың рухани өмірі, қоғам шындығы, әлеуметтік шындықты зерделеген ұлттық руханияты, ата-ананың деңгейі (кісілігі) өскелең ұрпақтың зиялы болуына ықпал еткен. Яғни қазақ тарихындағы ел мен жеке адамның рухани байланысын негіздейтін дәстүр тәжірибелерінің құндылығы, тарихи кезеңнің әрбір сәтінде ұрпақ пен ұлттық мүддені біріктіретін күшін жоғалтамыз.

Ұлттың негізгі күші – ұлттық мүдде, ұрпақтың рухани байлығы, зиялылығы. Ұлттың негізгі мүддесі ұрпақ пен жер, ұрпақ атамекен жерін қорғаса, ұрпақ рухын қорғайтын – тіл дін мен дәстүр. Бұлардың сақталуы, қорғалуы ұрпақтың ұлттық өмір сүру жағдайына, деңгейіне тәуелді. Ұлт өзіне тиесілі мүддесін есі қорғамаса, оған сырттан келіп ешкім қорғап бермейді. Бұған бірінші мысал – тарихтың (төл тарихымыздың) өзі.

Жерсіз ұлттық мүдде құндылықтары қалыптаспайды, қалыптасқан да емес. Қазақтың барлық мәселелері, әлеуметтік мәселелерді шешудегі қасиеттері ел мен жер тағдыры тәжірибесінде өрбіген. Себебі ұлттың барлық өмірі, байлығы, тарихы, дәстүр тәжірибелері, ұрпақ болашағы, тәуелсіздік жерді қорғаудан шығып, оны қорғауға бағытталып және мемлекетінің мүддесін қорғау ұрпаққа қашанда міндеттелді. Қазақ сол себептен жерді анаға теңеген, ата-бабаларының өмір сүрген, тарихи табысын қалдырған мекен деп түсінген және бұл ұғым ұлттың біртұтас санасына айналды.

Қазақ дүниетанымындағы «Жерана», «Атамекен» түсінігінен ата бабаларымыз туған елге топырағына деген жақындығын, арқа сүйеген болмысын танимыз. Ата бабаларымыздың ұлттық мүдде түсінігі тарихта сөз түрінде өмір сүрген жоқ, қазақ шын мәнінде атамекенді күтті, таза ұстады, қорғады, үнемі байланыста өмір сүрді, адамның, тұлғаның өсуіне ықпал ететін энергия көзі де осы жер болып табылады. Қазақтың турмысында, терт тұлғиде де табиғатқа, атамекен болмысына жақындығы бар.

Батырлық – атамекен рухымен байланысты ұлттық қасиетіміздің өлмесі, тарихи бір белгісі. Дүниеге шыры етіп келген саби отбасылық шаңырақтың аясында ата-ана алақанының жылуын сезініп өссе, атамекен елдің шаңырағының астында қазақ баласы еркіндіктің, өмірдің жылуын толық сезінген. Нәтижесінде адам болмысы толық жетіледі, елге, жерге жаңы ашытың, ел мен жерді саптайтын, керісінше оны сақтауға ұмытылатын зиялылар ел турмысынан шыққан.

Қазақтың өзіне, болашаққа деген сенімі жер деген сезімінен туындаған. Қазақта бір-бірін жартыны жоқ, тіл дәстүр, өнер, рухани өмір ортақ, осының нәтижесінде болмыс тұтаст. Ұлттың тұтастығын сақтаған, нығайтып отырған жер, жермен кіндіктес қазақтың турмысы, ата-кәсібі. Сондықтан қазақ ұғымында жер – жаратылыс иесінің ерекше жаратқан дүниесі, ұлттың дүниесі, ортақ мәншіл, негізгі байлығы. Бұл ұғым көне дәуірдегі сақтардың, оның бергі жағындағы түркілердің де дүниетанымында орын алған. Күлтегін жырында жер адамзатқа, халыққа берілген басты құндылық, мүмкіндік мағынасында зерделенді:

Биікте көк төңірі,
 Төменде қара жер жаралған,
 Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
 Адам баласы үстінде ата-тегім
 Бұмын қаған, істемі қаған отырған.
 Отырып, түркі халқының
 Ел-жұртын қалыптастыраң,
 иелік еткен.

Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен,
 Сарбаздарымен аттанып,
 Төрт бұрыштағы халықты
 Көп алған, бәрін бейбіт еткен,
 Бастыны өңкешіп,
 Тізеліні бүктірген.

Ілгері (шығыста) – Қадырқан қойнауына дейін,
 Кері – Темір қақпаға дейін жайлаған.
 Мемлекеттің негізі ұрпақтың зиялылығымен, бойындағы рухани қасиеттердің рухымен қалыптаспайды. Жоғарыда атап өткеніміздей, бойында ұлттық табиғаты жоқ, тарихтан бейхабар, ұлттық мүдде жолында ел мен жер тағдыры үшін еділетсіздікпен күрескен тұлғалардың аманатын түсінбейтін адамдардың кәріпартпа мінәзі қоғамда жемқорлықтың, парақорлықтың орын алуына ықпал етеді. Ел себептен қазақ тұлғалары елді қорғауды жерді қорғаудан бастады? Себебі ел жерсіз өмір сүре алмайды, жер елсіз болмайды. Ел мен жерді қатар қойып, өзін тарих алдында ұрпақтан кіші санайтын адам төкпеуір емес, адамгершілігімен елден бөзіледі. Кішіпейлілігі, сауаттылығы, адамгершілігі мен шынайылығы арқылы халықты өзіне тартып, халық пен мемлекетті біріктіреді.

Отаршылдық заман қазақтың басына қалай туды, жер мәселесі де өрши түсті. Отыршылыққа үгіттеп, артық жерлерді өзіне алуға ұмылған патша саясатына қарсы алаш зиялылары газет беттерінде көптеген мақала жазған, ашық түрде жерге, ел тағдырына араша түсті. Алаш зиялыларының жер мәселесіне қатысты жарияланған мақалаларынан ұғынатынымыз, қазақтың үш мың жыл бойы болмысының бір сәтте өзгерту еділетсіздігі. Яғни жұртқа бағыт бағдар берту еділетсіздігі болса, мемлекет көмектессе, қазақ елшілікті, технологияны өз-ақ үйренеді, бұл бір уақыттың ішінде шешілетін іс емес.

1925 жылы «Ақжол» газетінде жазған «Отыршылықтың пайда-зияны» атты мақаласында Жүсіпбек Аймауытов жер мәселесіне қатысты былай деген: «Отыршылық болса-ақ қазақ турмысы түзеліп кетеді, тез мәдениетті болады» деген пікір даусыз ақиқат емес, өзгермелі, екіұшты, даулы

мәселе деп қараймыз. Турмыс итеріп, шаруа етіліп, амалсыздан отыршылық болу бар. Ондай шартпен отыршылық болатындарға ешкім қарсы бола алмайды: турмыстан күшті құдірет жоқ. Қарсы бол болма, оларды тіршілік таласы отыршылық қылады. Ол қандай шаруа? Малы азайып, көше алмай қалған ел егін салуға кіріскен ел жері тарылып, жер шілерімен таласып-тармасып, жер алып қалуға душар болған ел жақсы жеріне басқа біреу қол сұққандықтан, жерін бермеймін деген ел Оларға үндеудің керекі жоқ, өздері ақ отыршылық болады.

Азды-көпті күн көргіш малы бар, ептеп егін салатын, жаз болса, жылжып қонатын жер жағдайы отыршылық болуды көтермейтін елдер бар. Бұлардың да «Отыршылық болса-ақ, қайтер екен?» деген аузында бар. Ондағы қауіпті жақсы жерді берін отыршылық болғандар алып қойып, түбінде көшіп-қонып жүре алмайтын болсақ, жерден құр қаламыз ба? Түпкілікті қоныс болатын жерді сағаласақ дұрыс болар еді. Бұлар турмыс айдап отыршылық болмайды. Көпестіктің қайғысын ойлап не біредің жеріне қызығып, болмаса отыршылық пайдалы деп болмақшы. Бұл талап көшпелі елде де, шала көшпелі елде де бар. Әзірге жерден таршылық көрмей отырған елдердің отыршылық болуында зиян бар демекпіз.

Қазақ ұлты ұланғайыр даланы иеленуде, атамекенді сақтауда ел турмысын сақтап, ұлтты біріктіретін ортақ тәсілді қалыптастырған. Ол көшпелі турмыс арқылы ұлттық болмысын, мемлекеттің тұтаст. Мүддесін сақтау қажеттілігінен туындаған. Қазақ көшпелі турмыс арқылы табиғаттың құнарлы, тазалығын сақтап отыраң, елді, ұрпақты біріктіріп отыратын дәстүрдің, тілдің, ділдің байлығын арттыраң, дінді таза ұстаған. Жүсіпбек Аймауытов «егер қазақ халқы патша өкіметінің саясатына иланғы, аяқасты отырқышылыққа көше, алдымен жерінен, ел мыңдаған жыл бойы жинақтаған қорынан айырылады» деген Алаш зиялысының айтуы бойынша, халық жаңа турмыс тәсілдеріне біртіндеп көшуі қажет және жаңа заманның жерді өңдеу тәсілін біртіндеп қажетінше үйренеді. Жаңа технологияны меңгеруде ұлт мың жылғы дүниесінен қол үзбей қажет, білім, технология елдің өмірін жақсарту, экономиканы дамыту үшін қажет, ал мемлекеттің негізін құрайтын ұлттық болашағы төл құндылықтарына тәуелді. Сондықтан мемлекеттің тұтастығын қорғауда турмыс мәселесіне болмыс жағдайымен, тәсілімен қарау керек.

Ахмет Байтұрсынұвы айтуы бойынша, жер – жеке адамның өнесі, алдымен ұлттық мүддесі, сондықтан ол – мемлекеттің қазынасы, үнемі солай болады. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұвы қазақтың жерінен айырылмайды ескертті, себебі қазақ жерді жекеменшікке алуға елі дәйін емес. Патша өкіметінің отыршылық қылу саясатына сеніп, аз жерді иеленгенімен қазақ негізгі ұлттық байлығы ұлттық мүддесін жоқ ұстайды. Патша өкіметі халықтың аңғалдығын пайдаланып, жақсы, шұрайлы жерлерді өзіне алып, халықты құнарсыз жерлерге ығыстырды. Сөйтіп ел жерінен айырылады, құнарлы жерлерінен қол үзген елдің турмысынан күй кетеді, елден күй кеткені кейінгі ұрпаққа ештен қалмайды. «Отыршылық норманы қазаққа не үшін шығарғаның отыршылық нормаман қазақтар жер алғанын переселең чиновниктері не үшін қуаттайтының қазақтар түсініп енді қиын болмайтын шығар» деген Ахмет Байтұрсынұвы.

«Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас» деген. Тісі шыққан адамдарға айтылып отырған сөз ғой. Переселең шөкеуліктері – алушы, қазақтар – беруші. Алушыға көп алғаны жағымды, берушіге аз бергені жағымды. Әуелден осыны ойлау керек еді. Олар өздеріне жағымды жағын көздегенде қазақтар өзіне жағымды жағын көздеуі тиіс. Құр пәленше пәлен етіп табып деген дақыртық жүргімей, істің түбінен ойлау керек.

Алаш зиялыларының ұлттық мүдде тұрғысындағы жан айқайы жайдан-жай туған жоқ, олар қазақтың мыңдаған жыл бойы жүріп өткен жерін кеңінен зерделеді, хандардың, батырлардың, ойшылдардың, ел мен жер тағдыры тұрғысындағы қазақтың дини қайраткерлерінің ілімін, ұстанымын, күресін ескерді, төреші білді, осының нәтижесінде өз еріктерімен жер тағдырына ара түсті. Бүгін ұлттың саны аз шығар, жағдай болса, апат болмаса (ауру, ашаршылық, соғыс) өртен ұрпақ өседі, ұрпақ өссе, ұлт өседі сонда ұлттың тағдырын шешетін жер. Бұл – қазақтың түсінігі. Тарихта қазаққа неге көп бала болды? Көпбалалы қазақ шаңырағының негізінде ұлттың идеялығы жатыр. Әр бала ер жеткен соң жерін, елін қорғайды, сол жер мен елді қорғауда адам шығыны көп болады, сырттан елге көз тіккен жау ақымақ емес, ал оны тоқтатып, елді жаудан қорғау үшін күш керек, күш – ұрпақ, ұлт санының көптігі. Сондықтан қазақтың әрбір ата-анасы баланы өзі үшін емес, ел болашағы үшін өсіріп, тәрбиелеп отырған. Алаш зиялылары ұлттық мүдде мәселесін зерделеп дер тарихтағы қазақ халқының өрлігі, ерлік иелерін тәрбиелеп, қоғам алдына шығарған ата-ананың еңбегін де ескерген.

Алаш зиялыларының ұғымында жерді қорғаған бабаларымыздың өрлігінен яғни солардан жеткен мұра бар жерді пайдалану, өңдеу оңай. Батырлықтың мектебін құрып, ілімін сақтаған қазақ уақыты келсе жерді өңдеуді де үйренеді, тек оған жағдай керек. Жағдай болмаса, шаруа қанша данышпан болса да өз ісін түрлендіре алмайды. Жер мәселесіне келгенде жер иесі ұлттың құқығын ескеру қажет, себебі ел мен жер үшін тер төккен адамдардың рухы осы атамекенге сіңіп қалады. Батырлар кетсе,



олардың рухы, ісі, тарихы осы жердің бойында. Сол себепті жер – қазақ үшін тауар емес, қасиетті нәрсе, ұлттың мекені. Қазақ болмысының тұтас ері терең болуына жердің ықпалы мол. Қазақ баласына жерді жаралап ойнамауды да ескертпеді. Жерді қазауға, бүлдіруге болмайды деген қарапайым түсініктің өзі қазақта ұлттық сана негізіне айналған.

Тарихқа қарасақ, қазаққа жерге келгенде бөлінбейді, сенің жерің, менің жерім деген ата-бабамызда жоқ, бәрі қазақтың жері. Қазақ топырағында мыңдаған малы бар, елге қамқор болған байлар өткен, бірақ олардың ұғымында жер – ұлттың қазынасы, ұлттың меншігіндегі дүние. Бай – бұғін бар, өртен бұл өмірде жоқ адам. Ол кетсе, оның байлығы да кетеді, себебі қазақ байлықты сол байлық иесі адамның ырысы деп түсіген. Иесі кетсе, дәулет те тұрмайды, себебі ырыс өз иесімен ғана жүреді. Қазақ «бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады» деп тегін айтпаған. Қазаққа бай адам – төрт түлік малдың иесі, байлықтың иесі, өз руының басшысы, биі, яғни зиялы ері дини қайраткер адам. Тарихтан қазақ байларының жекеменшік жері деген сөзді естігеніміз жоқ. Мәселен Құнанбай сынды қазақ ұлтқа жанашыр бай ері би адамдар болған. Бірақ олардың жеке басына келгенде жекеменшік жер деген сөз болмайды, демек қазақтың байлары ұлт қатарында болған, мал-мүлік өзінің болғанымен жер – ұлттың дүниесі. Бай да, би де, хан да, батыр да – бір ұрпақ бұныңың өкілі. Алаш зиялылары жазып кеткендей, атамекен жерін оған ел болып, ұлт болып, халық болып иелік еткен жұрт қана сақтай алады. Ахмет Байтұрсынұвы «Жер жаудау жайынан» атты мақаласында «Жұрт істеп отырған ісін қисық а туды деп айту ғана қолымыздан келеді, істеміздей, тоқтату қолымыздан келеді ме? Қазақ жерінің тұтқасының өкі ұшы өкі қолда: бір ұшы қазаққа, екінші ұшы орысқа. Әдіс қылған жағы ауыстырып алып жатыр, бос ұстаған жағы айырылып қалып жатыр. Жерді қолдану қатты ұстау, бос ұстау өздерінен. Оған біз не істейміз?»

Қазақ жері қазақтан кетпесе еді, қазақ жері қазақтан кетпесіне іс қылсаңдар. Жерін алдыруға болмаса, алдырмаққа іс қылған қазақ жоқ. Әркім өз жерін ғана ойлайды, өз басының қана қамын ойлап, өз пайдасын ғана көздеп іс қылып, жұрт пайдасымен зарарына тіпті қарамайды. Жұрт жер кетпесе менің де жерім кетпес, жұрт жерден айырылса, мен де жерден айырыламын ғой деп еш ойламайды. Сондықтан жұрт үстіндегі, көп ортасындағы жер ғой деп сатып, пайдаланып қалайын деп ойлайды. Мұжықты қазақ жеріне үйір қылып, қоныс қондырған әуелде де осылай ойлағандық еді, осы күнде де сол ой қалған жоқ» дейді.

Елдің тірегі – жер, ел жеріне бірлігімен ғана иелік етеді, бірлік алдымен ел алдында жүретін адамдарда болуы қажет. Қазақ тұлғаларының бірлігі – халыққа жақындық, қарапайым, мейірімді, кішіпейіл, әдепті болу. Кісілік қасиетімен зиялылар халықтың сенімін сақтайды, ал сенім ел бірлігі үшін қажет ең басты құндылық. Билеріміз айтқандай, жалғыз ағаш орман емес, жалғыз адам жалғыз жүріп өрлік көрсеткенімен өлген қорған болмайды. Қазақтың байлары тарихта осыны ескерген. Олардың алдындағы міндет – елге жерге ие болу, осы ұстанымды ұлттық идеология ретінде алаш зиялылары өз заманында елге жеткізді: «Бір халықтың турмысын түп-тамырынан бұзып өзгерту оңай іс емес. Қауіпті дертке балалым тәуіп қанша керек болса, бұл мәселенің түінін шешуде де сонша білімі керек. Қазақ – мал баққан халық, кәзіргі бағып отырған малына лайық жер қалдырмай тастауын ақылға сыйдыруға болмайды. Халықтың ғұмыры 20-30 жылда ғана емес, дүние түрғына тұрады. Сол үшін түбін ойлағанды бекіріп турмыстың неше ғасырлардан бері бекіп қалған негізін бұзбақса керек» деп жазған Міржақып Дулатов.

Алаш зиялыларына (қазақтың хандары мен батырлары секілді) ұлттық мүддені қорғау мақсатында ел мен жер тағдырына ара түсу оңай болған жоқ. Патша өкіметінің қазақ жерлерінің байлығын зерттеп, өсетпес алу мақсатында құрылған ұйымна ел үшін біліммен өзін мойындатып экспедиция құрамына кіру, патша өкіметінің көздеген саясатының бағытын тереңірек білу, әлем жұртының және келер ұрпақ алдында қазақ ұлттығын атамекен жер болмысымен тығыз байланыста қалыптастырған құндылықтары тарих бетіне түсіру, оған өз тұрғысынан ғылыми негізде баға беру Әлихан Бөкейханов сынды алаш тұлғаларының ұлт алдында атқарған қасиетті ісі деп білеміз. Керек отырғанымыздай, олардың жер мәселесі, ұлт мүддесі тұрғысында жазған дүниелері аз емес.

Әлихан Бөкейхановтың қазақ жерлері мен көшпелі мал шаруашылығы туралы жазған еңбектері «Дала өлкесіндегі қой шаруашылығы» және «Дала өлкесіндегі түркілеріндегі орыс қоныстары» деп аталады. Бұл шығармаларда сонау қазақтың көне тарихынан қалыптасқан жерді иелену мен

пайдаланудағы тәжірибелер, шаруашылық өнімдері, мал шаруашылығынан өндірілетін азық-түлік өнімдерінің құнары, қазақтың көшпелі мал шаруашылығының экономикалық тиімділігі, асыл тұқымды төрт түліктің түрлері көрсетілген. Бұл еңбек қазақтану ғылымының іргетасы болды. Ә.Бөкейханов зерттеген нәрселер өлі де өзекті. Біз бүгін осыдан жүз жыл бұрын айтып кеткен алаш зиялыларының қазақтың асыл тұқымыда мал шаруашылығын дамыту ісіне қайта оралуымыз. Олардың жазып қалдырған мұраларындағы идеяларға сүйенсек, қазақ турмысындағы құндылықтар (өнімдер) қай заманда да қасиеті мен құнын жоймайды. Біз тек осыны үлгі ретінде пайдалануымыз керек.

Өздері өмір сүрген аумағы төкпелі заманның қиындығына қарамастан тарихты төреші біліп, оның бойындағы ұлттың тәжірибелерін өз заманына жеткізген, адамзат қоғамының бойындағы жаңа білім түрлерін иеленіп, өз қоғамына ікемдеген қазақ зиялыларының тағылымы – ел үшін баға жетпес дүние. Олар қазақты отырқышылыққа үгіттеп, артық құнарлы жерін алуды көздеген патша саясатына қарсы шығып қана қоймай, елді мыңдаған жыл бойы қалыптасқан болмысынан, турмысынан қол үзбеген шақырды, елге дұрыс бағытты көрсетті. Әлихан Бөкейханов «Бұрын адам аз, жер көп болған, мұны біздің қазақ өз көзімен көрген. Жердің көп-азына қарамай, нағасына қарай адам баласы мал баққан егін салған. Жер көп болып, мал бақса, бұл шаруаны қылған жұрт малмен беріп көшіп жүрген. Жер аз болса, жердің нағасы егінге қойлашық болса, мал шаруасын ұстап отырып, малды көшіріп қойып, жұрт өзі отырқышы болған.

Көшпелі деген сөз мал бағатын шаруаны түгел қалпайды. Қала болып отырып мал шаруасын атқаруға болады. Көшпелі мен мал шаруасын бір қылып қоспақпа отырған үкімет осылай етсе, өзіне пайда шығатын болған соң. Қазақ жері – мал кіндігі, мұнда бұрын қандай жұрт жүрсе де мал баққан. Біздің ақылмызша, адам баласының шаруасы айыр-бірте қиыншылықтан көп жылдарда ауырлайды. Мал бағып, шаруа қылып келе жатқан жұрт, орыс 15-тен жер берді деп егінші бола қоймайды. Мал шаруасы тым ақ емес, төре келе жатыр деп қолға жұлып алатын. Мал шаруасын тіршілік үшін ұстап жүрген жұрт 15-тен жер алса, ұлпен аяққа тар етік күген болады» деп айтып кеткен.

Ұрпақтың ұлт болып ұйысуы, ел болып бірігіп зиялылардың беретін дұрыс бағыт бағдарында. Әр адам өзінің тарих, ел ұрпақ алдындағы парызы мен құқығын білсе, алдымен оның елі сақталады. Әлихан Бөкейхановтардың халқына үйреткені өмір сүріп отырған ортасына, ел болашағына ұлттық мүдде тұрғысынан қарау, ұлттық мүдде мәселесіне келгенде ер адам өзінің оның болашағына жауапты екенін білу. «Мен қорғамасым елімді (жерімді) кім қорғайды?» деген ұғым қазақ тұлғаларында (батырларда) болған, бұны зиялылықтың басты принципі деп айта аламыз.

Ұлт мүддесі, жер мәселесі қай заманда да ел алдында тұрған. Елге көз тіккен жұрт алдымен жерге көз тігеді. Ата бабаларымыз тарихта қаншама соғысты басынан өткізсе, соның бәрін өздері ашаған, сырттан келген жаудан жерді, елді қорғау үшін жаумен күрескен. Санасырлық тарихтың мәні жерді сақтап, ұрпаққа ұлттың мұрасы етіп табыстап отыруында. Ахмет Байтұрсынұвы жазағандай, «Қазақ жерінің қазыналық болғанына өкіну – білмегендік».

Қазақтың өзі күнне жерден қол үзбей отырғаны жер қазыналық болғандықтан. Бүгін тойғанына мез болып, ертеңін ұмытқан қазақ бүгін жерін сатып толып, өртеп төндіреп кетер». Атамекен жер туралы қазақ түсінігі тұтас елдің дәстүрін, жүйелі тарихын, философиясын қалыптастырды. Жер туралы елдің біртұтас ұғымы ұлттық сана құбылысына айналды, ата баба рухы, өткен дәуірдің құндылықтары, ел билері, болашақ, тәуелсіздік тек қана ұлттың мұрасы жер бар жерде ғана сақталатындығын, ұлт болмысының негізіне айналды отыратынын ата-бабаларымыз жете түсінген. Бұны бүгінгі ұрпақ та, ертеңгі ұрпақ та біледі, сақтайды.

Тарихта елдігімен өткен қазақ тұлғаларының ұғымында зиялылар халықтан алшақтамау керек. Егер олардың білімі, дәулеті елге пайда әкелсе, елдің бірлігі нығаяды. Халық арасында бір-біріне деген шешей сенімсіздік, өскелең ұрпақтың бойында күзілсек болмайды. «Жұрт гаділ болмай, жұрт ісі ілгері басылады. Өзін-өзі қасқырша шауып отырған жұртта оқу, шеберлік болмайды» деп Әлихан Бөкейханов айтып кеткен. Бұны ер адам жете түсінуі қажет деп есептейміз. Себебі қазақ зиялыларының ел мүддесіне қамқорлығы өмір талабынан туындаған. Қазақ тұлғалары үшін жер – ұлттың өмірін жағайтын дүние. Сондықтан ол ұлттың қазынасы ұлт меншігіндегі дүние болып ұрпақтан-ұрпаққа табысталаып отырмақ.

Үмбетхан СӘРСЕМБИН,
 философия ғылымдарының кандидаты

Біле жүріңіз!



Шаңырақ түйе

Шаңырақ көтеру салтын қазір біреу білсе, біреу білмес. Бұл – жас отаудың алғаш рет шаңырағын көтерудің өзі қазақ үшін бір қызықты, ерекше сәт екенін білдіретін салт. Шаңырақты кез келген адамға көтертпейді. Бұған сыйлы, жасы үлкен, көпбалалы, жұртына әбден еңбегі сіңген ер адамды лайық көрген. Егер шаңырақ үлкен болса, ер кісі аттың үстінде тұрып көтереді. Бұл адамды сыйлап, шаңырақ көтерткен жақ не жылқы, не түйе мінгізген. Бұл салттың астарында қазақша шаңырақтың жаңа отау құрған жастар үшін қаншалықты қасиетті екенін ұғындыру жатқанын байқаймыз.

Әдетте киіз үйдің шаңырағын ер адамдар көтереді. Ал жас отаудың шаңырағын кәрі күйеуге көтеруде үлкен мән бар. Өйткені жасы үлкен күйеу – қашанда елге сыйлы және тілектес адам. Және күйеу қартайған сайын жұртына қадыры, сыйы арта түседі. Оның шаңырақ көтерудің де осындай терең сыйластық бар.

Шаңырақ түйе дәстүрі де ұмытыла бастаған құндылықтардың қатарында. Ұзатылып келе жатқан қыздың және оның жанындағы әйелдердің мінп келе жатқан келігі «шаңырақ түйе» деп аталады. Ол келін үшін ыстық, қасиетті мал болып саналады. Бұған жолшыбай кездескен немесе бетен адам мінбейді. Егер міне қалса, оны көрген жұрт «пәленше келінің шаңырақ түйесі» мінп келді деп келемдеген. Ертедегі салт бойынша, көште үлкен шаңырақ жеке түйеге артылып, алдымен жүреді екен. Оған адам мінбейді, атпен жетелідей, «шаңырақ түйе» деген сөз осыдан шыққан екен.

Сірге мөлдіретер

Қазақ салт-дәстүрге бай ел. Салт-дәстүр арқылы ұрпақ тәрбиелеп, тектіліктің, адамгершіліктің, қайырымдылықтың, жомарттық пен мәрттіктің, зеректің пен байқампаздықтың, кеңпейілділіктің пен ізгіліктің керінісін көрсеткен. Замана ағысымен бірге жүніп, дайы өзгерістен аман өтіп, бүгінгі күнге теліп желісін үзбей жеткен, көнекез қариялардың жадында мықты сақталған, ел аузында кеңінен таралған халық дәстүрлерінің әрқайсысы құнды.

Ата-баба салт-дәстүрін берік ұстанатын, ұлт болмысын ерекше құрметтейтін, қазақ деген текті халықтың ұрпағы екенін мақтан тұтатын ер азамат ұлттымыздың бай мұрасы – салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан аттамайтыны анық. Өзі өмірде қолданып қана қоймай, болашақ елдің тұтқасын ұстар жастарға да үйретіп, маңыздылығын жадына сіңіріп өсіреді.

Қазіргі шежірелі қариялардың, ақсақалдардың айтуымен ғана ел арасын аралап жүрген дәстүрлер де бар. Олар кеңінен қолданылмаса да, ұмытылмаған. Құндылығын қойды деуге болмас. Ертедегі қазақ дәстүрлері негіздері табиғи құбылыстармен, табиғи амалдармен, мезгіл мекенмен де байланысты орайластырылған. Әсіресе ер мезгілге қарай шаруа жайын, мал-жанын қамдайтын қазақ үшін жыл мезгілдерінің әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, сонымен бірге орындатын салт-дәстүр, үрдісі болатын.

</

Жүрегімдегі шок жұлабыз

Жырда ардагер Журналист, ақын Серік Бертаевтың «Жүрегімдегі шок жұлабыз» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Оқырмалар оқиғасына айналған мың тұрғындан Жалағаш ауданының 85 жылдығына орай туған жерін қырағи сөзбен ақынның бірқатар өлеңін үзетке жариялады. Ақын шығармаларында өрлік мінез, өмірлік танып, әкелік сөзін тазырыптары толығы ашылған. Мың тұрғындың «Жүрегімдегі шок жұлабыз» атауының мәні де осында. Өмірден өткен жазғылар өлеңі, қатар жүрген замандастар қадірі, Жарың Жандарға деген алғашқы қолға тазалығы ақынның ішкі жан дүниесін наш етеді. Кімнаны әрбір шығармада тәлім мен өнеге бар.



АРДАГЕР СӨЗІ

Мен – казакпын, жолыммен жүріп келем,
Елін, жерін қорғаған бірлікпенен.
Қанды қырғын басталды қырық бірде,
Суық хабар әлемді дүрліктірген.

Соғыс, соғыс айтпағын тажалынды,
Жалғыз-ақ оқ табады ажалынды.
Қан кешкен от пен оқтын ортасында,
Қалайша мақтамаймын қазағымды.

Отан үшін отқа түс ұранымды,
Қорғадым туған жерім, тұрағымды.
Бауыржан, Рахымжан, Төлегендей,
Ұмытпа қалай қайсар ұлдарымды.

Халқым бар, алынбайтын қорғаным бар
Тылдан да көмек беріп қолдадыңдар.
Жан аямай шайқасқан жаужүректі,
Өлия мен Мәншүктей қыздарым бар.

Мен солай сұм соғысты көріп келдім,
Тарихта қалды ұлы ерліктерім.
Жеңіс күнін сыйлаған ардагерді,
Ей ұрпақ, құрметтеп дәріптегін.

Намысын берік ұстап қазақтардың,
Жеңіске жету үшін азаптадың.
Рухына тұрамын тағзым етіп,
Мен кеше қыршын кеткен боздақтардың.

АНАСЫ БАР БАҚЫТТЫ

Ана менен өсіп-өніп жетілді ел,
Аналарға бөрің тағзым етіңдер.
Анасы бар – ең бақытты адамдар,
Аналары жоқ адамдар – жетімдер.

Аналарын ардақтаса әр адам,
Орындар ойға алған бар арман.
Қасиетің ақ сүтіңмен дарыса,
Жан жылуы жүрегіңнен тараған.

Жанымыз бір қасиеті, қаны бар,
Қиналғанда қасымнан кеп табылар.
Тілеуімді тілеуші едің жан ана,
Сізге деген тілегімді қабыл ал.

Ана бүгін жарылайын ағымнан,
Көріп жүрмін не көрсем де бағымнан.
Дүниеде жүрегі бар жан болса,
Аналардың ақ сүтіне табынған.

Арман қуып кетейінші шег мейлі,
Жарқын бейнең есімнен бір кетпейді.
Ана деген – теңеуі жоқ ұлы есім,
Ұлыларға ешбір баға жетпейді.



ЖЫРЫМ ҚАЛАР

Аузынан тастамайтын бір Алласын,
Адам боп қалу бізге қалайда сын.
Дүниеге келу – хақ, кету де – хақ,
Ұмытпа өмірдің бұл қағидасын.

Тағдыр ғой, бір қуаныш, бірде қайғы,
Сұм ажал елес беріп бұлғандайды.
Мен өлген соң көмерсің қара жерге,
Игі ісімді ешкім де көме алмайды.

Айтылмаған ақиқат, шынм да бар,
Түсіне жақсы егер мұңымды олар.
Жабырқаған сәттерде жазып кеткен,
Жүректерде жатталып жырым қалар.

АУЫЛҒА ДА КЕРЕК ШЫҒАР БІР АҚЫН

Ел қадірін, жер қадірін ұғатын,
Бұқараның мұнын айтып тұратын.
Алматыда жетіп жатыр жазғыштар,
Ауылға да керек шығар бір ақын.

Атақоныс құт мекенім тұратын,
Аттың басын ауыл жаққа бұратын.
Жыр бөйгеде оза шапса таңқалма,
Талантымен тамсандырып бір ақын.

Уақыт жоқ сауық-сайран құратын,
Өлмес мұра қалдыру – бар мұратым.
Терін төгіп, туған жерін түлетіп,
Мен боламын жырлап жүрген бір ақын.

Отбасым осы,
Өркен жайып көктедім.
Өнегелі өмір жолым – өткенім,
Бір қуаныш қуат беріп құдайым,
Желе жортып жетпіске де жеткенім.

Болмысым осы, одан өзге не дейін,
Шабыттанып сөз маржанын терейін.
Аманаты арқалаған ақынмын,
Ел алдында есебімді берейін.

ЖАҢАРҒАН ЖАЛАҒАШЫМ

Жылдар өтіп, ғасырлар жалғасады,
Таланттар биікке өрлеп таласады.
Жасыл желек жамылған Жалағашым,
Көрікті көшелері жарасады.

Жырлаған шабыттанып, жүрегі от,
Қорғаған жерін жаудан тірегі боп.
Туған жер қойнауында түлеп ұшқан,
Арқалы ақындар мен батырлар көп.

Көп елде игі істердің негері,
Дәріптеп еңбектерін сүйеді елі.
Әулие-әмбиелер жебеп жүрген,
Туған жер топырағын киелі еді.

Халқымның қасиеті жыр-өні бар,
Ерлікке тағзым етіп тұрады олар.
Алыпты элеватор менмұңдалап,
Алыстан шақырады мұнаралар.

Жалағашым – қорғаным, тас қамалсың,
Құтты қоныс, басымдағы баспанамсың,
Күрші, ырысы мол бережелі,
Сен – менің бас қаламсың, астанамсың.



ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ

Самұрық құс көлбей қағып қанатты,
Қонды келіп бөйтерекке дарақты.
Шаңқылынан бүкіл дүние оянып,
Елімізде «Тәуелсіздік» таңы атты.

Өнге салып ерекше ақты Есіл де,
Күллі ғалам құлақ түрді осы үнге.
Хан Абылай армандаған «Ақ орда»,
Бой көтерді Сарыарқаның төсінде.

Көк байрақпен жаның бірге жалындап,
Әнұранда қан тулағар бар ырғақ.
Ұлтпен бірге қалып еді қуарып,
«Бөйтерегім» бой көтерді тамырлап.

Еңсе тіктеп, елге айналып егемен,
Нығметің төгіп Алла төбеден.
Шаңырағым биіктеді, керілді,
Кенесары арман еткен керегем.

Тұрушы еді бір мұң басып еңседен,
Еріді енді жүректегі шер-шемен.
Елге айналдық азаттықтың айшығын,
Бас қаланың көркіменен өлшеген.

Шешілді енді құлдық қамыт, тас етік,
Азат елге арман алдан аш есік.
Бейбітшілік ұранымыз екенін,
Тұрған жоқ па «Пирамида» паш етіп.

Қиялымыз шындықпенен астасты,
Әлем жылы қабылдады «жас досты».
«Ханшатырда» қаны тулап қазақтың,
Үш жүз емес, бүкіл әлем бас қосты.

Қанша түнек тұрғанымен тұмшалап,
Жайды бүгін бұршілінен гүл сабақ.
Өсуде елім, өркендеуде, Ақлеуде,
Аңыздағы Алпамыстай күн санап.

Елтаңбам бар, елдігіме мың алғыс,
Көк байрақпен ұлтқа берсін ұран күш.
Көк аспанда тыныштығын елімің,
Күзетіп жүр күн астында қыран құс.

Ана тілім – абыройым, намысым

Түсінетін қасиетін қадірін,
Өз тілімде айтылады ән-жырым.
Ана тілім – абыройым, намысым,
Ана тілім – бар өмірім, тағдырым.

Бала болып бесік жырын жаттаған,
Ата салтын абыроймен сақтаған.
Мен – қазақтың, дәстүрім мен салтым бар,
Өркен жайған өз тіліммен мақтанам.

Ұлттарменен ұлыстар көп досымдай,
Қонақ болсаң, төріме шық тосылмай.
Ана тілін ардақтаған асыл жан,
Нағыз қазақ біле білсең, осындай.

АЛДЫМЫЗДА АРМАН КӨП АСҚАРАЛЫ

Есте қалар балдәурен шақтар әлі,
Алдарында арман көп асқаралы.
Он бір жыл бірге оқып білім алған,
Достарым жаңа өмір басталады.

Бірде оқып бір соққан жүректерің,
Мектепті бітіруші түлектерім.
Арман асу биіктен көрініңдер,
Орындалып ойға алған тілектерің.

Түсініңдер жаңа өмір басталғанын,
Жайылысын туыс, досқа дастарқаның.
Қиындықты жеңіп біз қайсарлықпен,
Бақыттың басындаршы басылдың.

Сендерсіңдер – тірегім сүйенерім,
Көсіп қыл, еңбек етсең, сүйеді елің.
Айтуды азамат бол сенімді ақтап,
Кіріпші боп қаланың дүниенің.

Көңілді күндер өтіп бара жатыр,
Өлі-ақ жігіт боласың қара да түр.
Сөз-сапар, ақ тілегім қабыл болып,
Қуанышты той болсын ұланасыр.

АУЫЛЫМ – АЛТЫН БОСАҒАМ

Бақытты шағым балалық,
Ауылым – алтын босағам.
Топырағыңнан нәр алып,
Өзіңмен бірге жасағам.

Талаптың мініп тұлпарын,
Талпынып мен де самғадым.
Арайлап атты әр таңым,
Ауылым – асыл арманым.

Табынып басын иетін,
Таланттылардың мекені.
Елін, жерін сүйетін,
Түлектер тағзым етеді.

Туған жерді түлетіп,
Жырымның аштым қауызын,
Ауылымды көтеріп,
Тағзым ету – парызым.



Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміре 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1498